

СУЛУНУР
Консорциум казахстанских производителей светодиодных светильников «СУЛУНУР»

Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, пр. Сейфуллина, 525
Тел: 8 (727) 390 32 93,
Факс: 8 (727) 279-91-44
E-mail: sululight@mail.ru

ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ
в Казахстанскую инновацию в сфере наукоёмкого отечественного «высокопроизводства» - светодиодные светильники торговой марки «Сулунур»

ПРОДУКЦИЯ

Офисные светильники на основе LED
Светильники для офиса
Светодиодный линейный светильник

Температурные режимы светодиодов и источников питания

Для аэропортов, вокзалов, скверов и парков, а также для нужд ЖКХ будут использоваться инновационные изделия, которые могут модернизироваться в зависимости от пожеланий заказчика.

Базовое немецкое высоковакуумное оборудование в г. Алматы.



**Казахстанские
высокие технологии. (с. 167)
Достижения и надежды. (с. 237)**



МЕНЕДЖМЕНТ – БАСҚАРУ ӨНЕРІ

Жолдыбаева А.,

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

Еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге түбегейлі қадам басуы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бір-бірімен өзара тығыз байланысты жаңа басымдық міндеттерді анықтауды жүктеді. Қазақстандық жоғары білім беру жүйесін еуропалық білім беру кеңістігіне енгізу бойынша жұмыстарды жандандыру және үйлестіру, Еуропаның, ЮНЕСКО-ның және өзге де ұйымдардың жұмыс топтарымен және басқа да құрылымдарымен байла-ныстарды кеңейту мақсатында және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына бірқатар өзгерістердің енгізілуі де осыдан келіп туындайды.

Бұл туралы Қазақстанның алғашқы Президенті Н. Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты интерактивті сабақта: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманға білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз», - деген болатын [1]. Бұл XXI ғасырда өмір сүріп отырған кез-келген іскерлік табысымен танымал кәсіпорынның, мекеменің жетістігі қай жағынан алғанда да оның басқару қызметінің нәтижелігі мен қызметкерлік құрамының іскерлігіне, кәсіби білімділігіне тікелей байланысты болатынын көрсетеді.

Бүкіл әлемдік жүйені тұтастай алғанда басқару парадигмасының радикальді өзгерістері әлемдік қоғамдастықтың экономикалық кеңістігіне енуі XX ғасырдың екінші жартысына тән.

Кешегі кеңестік уақытта кадрлық менеджментпен партиялық ұйымдар айналысып келсе, кеңестік биліктің құлауына орай барлық мекемелер мен ұйымдардағы персоналдарды басқару ісі де толық күйреді. Франция императоры Наполеон Бонапарттың «Кадрлар бәрін

шешеді», - деген сөзінің төркініне сай бүгінгі таңда персоналдарды басқару теориясына сүйене отырып кадрлық менеджменттің біртіндеп қалыптасып келе жатқаны белгілі [2].

90-шы жылдардың соңында басқару парадигмасының жалпы өзгерістеріне сәйкес стратегиялық менеджментке өту, яғни бұрынғы басқару жүйесін рефор-малау арқылы қазіргі басқару жүйесіне әлемдік теория мен практиканың басқару принциптерін, қызметі мен әдістерін қолдану басталды.

Тірі организмдер өзін-өзі басқаратыны сияқты кез-келген мақсатқа бағыт-талған қызмет басқаруды талап етеді. Сондықтан да менеджмент және өмір тіршілігі біртұтас. Қазіргі таңдағы менеджменттің даму кезеңі XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басынан бастау алып, менеджментке өндірісті басқаруға ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет ететін пән немесе сала ретінде қарайтын болды. Қай салада болмасын бизнес-процестер, бәрінен бұрын технологиялық процестер, соның ішінде еңбек уақытындағы қызметкерлердің қимыл-қозғалысы барынша терең талдана бастады. Мұндай талдаудың мақсаты – еңбек процесінің тиімді-лігін жетілдіру жолымен өнімділікті арттыруға қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі таңда экономикалық жүйені дамыту ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы қарқынды дамыған инновациялық процестерімен тікелей байланысты. Сондықтанда инновациялық қызмет оны ұлттық экономиканы дамытуға қолданудың динамикасын, оның прогресивтілігін анықтайтын мемле-кеттік басты бағыт, басты ресурс ретінде көрінеді. Кез-келген мемлекеттің әлемдік бәсекелестік кеңістігіндегі орны табиғат байлықтарымен, қаржылық мықтылығымен ғана емес, оның білімі, ғылыми тұрғыдан жоғары технология-лық даму басымдығымен айқындалады. Олай болса, инновацияны дамытудың негізгі іргесі – бұл Қазақстан Республикасының ұлттық ғылымын дамыту. Бұл туралы Елбасы Н. Назарбаев: «Ғылымды

дамытуға бөлінетін қаржыны 25 рет көбейту міндеті тұр», - деген болса 2012 жылға жыл сайынғы қаржы көлемін 350 миллиард тенгеге жеткізу көзделген, бұл барлық ішкі валдық өнімнің 5 пайызынан астам. Ғылымды дамытуға бөлінетін мұндай көлемдегі қаржыны ешбір елде, АҚШ-ты қоса алғанда бөлмейді». Бұл біздің еліміздің ғылыми тұрғыдан дамуға деген басты бағытын белгілейді.

Қазақстандағы инновациялық процесс «Қазақстанның үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» стратегиялық басымдықтары мен мақсаттарын негізге ала отырып, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы күшейе бастады.

Қазақстандық қоғамда ұлттық экономиканың бұдан әрі қарқынды дамуы үшін инновацияны толыққанды пайдалануға мақсатты бағытталған мемлекеттік инновациялық саясат жүргізу барысында жүзеге асырылу-да.

Нарықтық қатынастар жағдайындағы экономикалық жетістіктердің негізгі жемісі дұрыс жолға қойылған менеджментке келіп тіреледі. «Менеджментті адамдардың бірлескен еңбегінің пайдалы және тиімді болуы барысындағы басқару еңбегінің табиғатын, себептері мен салдарларын, факторларын мен жағдайларын зерттейтін ғылым ретінде қарастыруға болады. Менеджментті оқытып үйрету барысында студенттер тәртіптелген басқару ісі туралы білім алады. Менеджмент басқару ғылымы ретінде өзінің теориясына, заңына және басқару процесінде тікелей адами әрекеттерге мақсатты түрде бағытталған заңдылықтарына және практикалық әрекет барысында пайдалануға болатын көптеген ғылыми әдістеріне сүйенеді. Оларға сандық есептеулерді, коммуникациялық жүйелерді, проблемаларды шешудің әртүрлі технологиясын, талдау әдісін және т.б. жатқызуға болады» [3], - деген тұжырымдамамен түсіндіріледі.

Нарықтық экономиканың табалдырығын аттағаннан бері арнайы экономикалық, тіптен мамандар даярлайтын барлық оқу орындарында басқаруға арналған оқу пәні ретінде менеджмент сабағы оқу кестесіне енгізілді. Ол туралы болашақ инженер де, геолог та, әлеуметтанушы да, кітапханашы да және т.б. болашақ сала мамандары да білім алуда. Бұл менеджменттің нарықтық экономикалық қатынас заңдылығының мәнін ашатын бір бұтағы іспетті.

Кез-келген жүйе екі тармақтан тұрады: жүйе құрамына келіп түсетін қорды тауар мен қызмет көрсету түріне айналдыратын жүйе және осы жүйенің іс-әрекетіне бақылау жасайтын басқару тармағы. Әдебиеттерде және тәжірибеде екінші жүйені басқару жүйесі немесе менеджмент жүйесі деп атайды. «Менеджмент» ұғымы (ағылшын тілінен management) көп жағдайда «басқару» терминімен астарлас мағына туғызады, басқару, ұйымдастыру, меңгерушілік деген ұғымды білдіреді.

Ал «менеджер» – көп жағдайда көптеген жылдар бойы менеджмент саласында арнайы дайындықтан өткен және үздіксіз өз кәсіпкерлік шеберлігін арттырып отыратын білікті басқарушы.

«Басқару» термині алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталып үйлестірілген шаралар жиынтығын білдіреді. Бұл түсінік туралы В.Зигерт мынадай анықтама берген: «Басқару – бұл алға қойылған мақсаттарды адамгершілікпен, үнемді және тиімді орындауға мүмкіндік беретін адамдар тобына басшылық жасау және құралдарды пайдалану түрі» [4].

Басқару ғылымының эволюциясы, оның әрі қарай дамуы және бұл орайдағы отандық және шетелдік зерттеулердің жетістіктері, менеджменттің оқу пәні ретінде жеке бөлінуі табиғи қажеттіліктен екені байқалады. Бұл орайда айта кететін жағдай, басқарудың басым түрде орталықтанған жоспарлауға негізделген отандық тәжірибесіне нарық жағдайында қалыптасып келе жатқан менеджментті толық қолдану мүмкін емес, бірақ, кәсіпорындарды басқарудың теориясы мен практикасының жекелеген қағидаларына, макро және микроэкономиканың негізгі қағидаларына негізделеді.

Мұнымен бірге шет елдерде қалыптасқан менеджмент жүйесі ұйымдастырудың мақсатына жету ептілігін, адамдардың ынтық-ықпалын, интелектуалдығын, еңбегін жұмылдыруды қажет етсе, оның көшірмесін ел экономикасының ерекшеліктерін, ұлттық менталитетті ескермей бірден пайдалануға және бұл жүйені тиімді түрде жүзеге асыруға болмайтыны дәлелденіп келеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты интерактивті сабақта: «Қазақстанда ел болашағы – жас ұрпақтың әлемдік стандартқа сай білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Бұл мемлекеттік даму саясатының басым бағыттарының бірі. Болашақта білімді де, қабілетті ел үшін аянбай еңбектеніп, қазақстанның даңқын асыратынына, мәртебесін асқақтатынына мен сенемін» [2] – деген болса, бүгінгі таңда осындай жастарды әлемдік нарықтағы білімі бәсекелестікте өз орнын алуына білім беру ошақтарының білімі негізіне тікелей байланысты екені даусыз.

Нарық жағдайында басқарудың экономикалық әдістері дамиды, олардың қызмет салалары кеңейеді, формалды шаруашылық есебін жеңеді, әрбір қызметкердің және әрбір ұжымның, жеке тұлғаның мүддесінің жалпы мемлекеттік мүддемен толық үйлесуіне, экономикалық шарттарды қоюға мүмкіндік беретін, экономикалық ынталандырудың нәтижелері мен ықпалы артады.

Менеджменттің нәтижелілігі – адамзат қызметінің сан-алуан салаларын қамтиды. Нәтижелі іс жүргізу дегеніміз – ұтымды, өнімді, сапалы іс жүргізуге мақсатты түрде бағытталған әрекетпен қатар жүреді. Бұл нарықтық экономикада басқарушы жүйе қалыптастырады. Менеджмент міндеттерін шешу барысында басқару, оңтайландыру, мәліметтерді эконометрикалық талдау, эксперттік бағалауды жинау және өңдеу, моделдеу шешімдерін қабылдау әдістері тәрізді әртүрлі менеджмент құралдарын пайдалану тиімділігін арттырудың теориялық мәнін практикада жүзеге асыру міндеті зор.

Қазіргі таңдағы экономикалық, қаржылық, саяси дағдарыстар қатарына рухани және

интеллектуальдық, кәсіби шеберлік, проблемасының келіп қосылуы ерекше мән берілетін маңызды мәселе. Білім институты жас азаматты тек қана өмірге ғана емес, сонымен қатар бәсекелестік кең қанат жайған уақытындағы кез-келген қызметтің қыр-сырын терең меңгерген бәсекеге қабілетті, өмірлік жетістіктердің инновациялық стратегиялық басымдықтарына қарай жылдам бағдарлана-тын мамандар дайындау кезек күттірмейтін мәселе.

Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында: «Қазақстан мемлекеті өсіп, кемелденген кезде «білім өресі биік, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр» ұрпақ қалыптасатынына, «олар жоғары ақыл-оймен, жақсы оқытып-үйретілген, Қазақстан мен Қазақстан халқының мүдделерін жоғары қоятын маман бола отырып» елінің игілігіне қызмет ететін болады», [5] – деді. Олай болса, білім саласының мәртебесін тек жоғары деңгейдегі білікті маман ғана көтеретіні белгілі және олардың білім деңгейі білім нәрімен сусындатқан педагогтік шеберлікті, жалпы білім беру мекемелерінің табыстарын айқындайтыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н. Ә. Назарбаев. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Алматы: 2006. -152 б.
2. Популярная экономическая энциклопедия. Гл. ред. А. Д. Некипелов. - М. - 2001.
3. Федосеев В. Н., Капустин С. Н. Управление персоналом организации. Учебное пособие. – М.: Экзамен, 2003. – 368 с.
4. Зигерт Вернер, Ланг Люция. Руководства без конфликта / Сокр.пер. с нем. – М.: Экономика, 1990. -334 с.
5. Қазақстан -030. Алматы: Юрист, 2006. -152 б.

Түйіндеме

Мақалада нарық жағдайында басқарудың адамзат қызметінің сан-алуан салаларын қамтитындығы мен нәтижелі іс жүргізуге әрекет ететіндігі қарастырылған.